

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ОҚУЛЫҚ АВТОРЫ

Ерсұлтанова Қаракәз Жамбылқызы 2 курс
магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҒУ, Астана қ.
Ғылыми жетекші – п.ғ.д., профессор Т.М.Әбдікәрімова

XX ғасырдың басында қазақтың санасына ағартушылық идеяны орнықтырған тұлғалар ұлттың жаңа даму сатысына әтіп, биікке көтерілуін көздегені анық. Бүгінгі жұртшылыққа сілкініс пен құлшыныс әкелген жиырмамыншы ғасырдың басындағы кезең ұлтымыз үшін өте бағалы әрі аса құнды кезең болып саналады. Әйткені, «Халықтың өткен өмірі жалпықоғамдық мәні бар тәжірибе ретінде қорытылып, белгілі бір дәрежеде ұлт игілігіне асқанда ғана құндылыққа айналады»[1, 38,].

Сол кезеңде ерен еңбек сіңірген ұлы ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы қай кезде де білім мәселесіне жете мән берген. Ол басқа да алаш арыстары сияқты елдің санасын оятып, жаңа жолға бастаудың кілті білімде деп ұққан. Халыққа ағартушылық арқылы жаңаша бағыт-бағдар сілтеп, ой салуды мақсат еткен. «Ағартушылық – жақсылыққа, бақытқа ұмтылған кнлі елдің бастан өткерер жетілу һәм әрістеу жолы»[2, 3], – деп ғалым Д.Хамзабекұлы айтқандай, бұл ұғымның білім алып, жаңашылдықты игерумен байланысты болғаны белгілі.

Өзінң рухани сана-сезімі мен парасаты және жалпы болмысы жағынан айрықша орын алатын Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ халқының тәл тарихында алтын әріптермен жазылды. Ол – фольклортанушы, ақын-жазушы, публицист, аудармашы, қазақ тілі мен әдебиетінің ғылыми негіздерін қалаушы, ірі филолог, лингвист-ғалым, тнркітанушы-реформатор, ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, қазақтың тпңғыш реформаторы, профессор, «Алаш» партиясының негізін салушы, қазақ ғылымын алғаш жнйелеуші, оқулық жазудың білгір маманы, қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі ншін жан аямай кнрескен ер азаматы, қоғам қайраткері, өз халқының жалындап жанған адал перзенті.

А.Байтұрсынұлы, ең алдымен, бастауыш сынып оқулықтарының авторы әрі қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша тпңғыш еңбек жазған әдіскер-педагог. Ахаңның сол заманның өзінде-ақ көтерген мәселелері, жазба мұрасының мән-мазмұны бнгінгі таңда тәуелсіздік алып отырған мемлекетіміздің кнн тәртібіндегі кәкейкесті проблемаларға жазып кеткен жауаптай кәрінеді. Ұлы ұстаз бала тәрбиесінен бастап ұлттық санаға дейінгі мәселелерді жан-жақты зерделеген.

Ғалым-педагогтың ең алғашқы қазақша әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912 жылы Орынборда М.Ш.Кәрімов пен Ш.Құсайыновтар баспасында жарық көреді. «Оқу құралы» жайында Т.Шонанұлы былай деп жазады: «Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес, дегімше молдалар әліппе жасай алмай, балаларды әліп-би шартымен қағаз жнзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алекторов, Вожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді»[3, 148,].

1912 жылы Орынбор қаласында А.Байтұрсынұлының «Әліп-би-І» деген оқулығы шығады. Бұл оқулық 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет басылып, оқу-ағартушылық салада біраз уақыт қолданылады.

Әліппеде дыбыс пен әріпті оқыту дидактиканың «жеңілден қиынға қарай» қағидасы бойынша жеке сөздерді оқытудан басталады да, кейін қысқа-қысқа мәтіндер алынады. Ал жеке сөздер алынғанда, екі дыбыста тұратын қысқа, жеңіл сөздерден басталып, бірте-бірте күрделенеді. Мысалы, *ас, аса, асар, ал, ала, қон, қонақ* т.б. Бұл қағида оқушының оқуды, жазуды, сөйлеуді тез нйренуін қамтамасыз ету, оқыту нрдісін жеңілдету жолдарын іздеуден шыққан.

Ғалым балалар тілін дамыту жолында алдымен жеке сөздермен таныстыру тұстанымын алға тартқан. Соған сәйкес I кітапта туған-туысқан, киім, ойын-ойыншық, ас-сусын, дене мншелері, нй мнліктері, ыдыс-аяқ, мал атаулары, малдан басқа тәрт аяқтылар, құс, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жер бедерінің аттары, сан сияқты тақырыптар тәңірегіндегі сөздер беріледі. Бұл сөздердің барлығы кез келген баланың күнделікті әмірінде кездеседі, сөздік қорында қолданылады, демек бастауыш сынып жасындағы барлық балаға тұғынымды.

Ары қарай автор баланы қызықтыратын жаңылтпащ, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер берген. Бұлар да бала тілін дамытуға аса қажетті материалдар. Оны оқушының оқуы анық. Ғалым осылайша бала тілін нйренуші тарапынан қызығушылық тудыратын материалдар көмегімен дамытуды көздеген. Міне, осыдан кейін ғана автор қысқа мәтіндер мен әлең шумақтарын, «өтірік әлеңдер» берген. «Өтірік әлеңдерді» оқулықта беруде де ғалымның оқушының қызығушылығын туғызуға тұмтылғанын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бұл ғалымның дидактиканың заңдарын терең біліп, оны оқулық жазуда шебер қолдана білгендігіне айғақ болады. Әйткені мұндай әлеңдер жаттауға жеңіл, айтуға қызық боп келеді, сондықтан олар тіл дамытуға өте қолайлы материал болып табылады.

Бұл – жаңа құрал түрлі суреттермен берілген оқулық. А.Байтұрсынұлының бұл оқулығы сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге снйене отырып, озық әдістемелік теорияларға негізделіп, жасәспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін, тіпті тұлттық ерекшеліктерін ескере отырып жазылған еңбек.

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» жнйелі түрде жазылған оқулық. Ондағы берілген материалдар тілге жеңіл, оқушылардың танымдық қабілетін оятуға арналған еңбек екені сөзсіз.

Келесі оқулығы «Әліп-бй» (3-басылымы, 1928ж.) деп аталады. Мұнда ғалым негізінен мәтіндерді қолданған. Бірақ алдымен оқулық түрлі ойындардан басталған. Ол ойындар дыбыс әдісі жолымен сөздерді түрлендіру арқылы сөздер, сөйлемдер жасауға арналған. Мұнда балаларды оқуға қызықтыру, назарын оқуға аударту мақсаты көзделгені байқалады.

Ары қарай автор екі сөзден тұратын сөйлеммен жаттығулар беріп, оларды түрлендіріп, тіпті жаңылтпащқа айналдыру сияқты тапсырмалар арқылы бала тілін дамытудың түрлі әдістерін қолданған. Олар күрделене келе мәтіндерге айналған. Ол өте кіші мәтіннен басталып, ары қарай күрделене береді. А.Байтұрсынұлы әдістемесінде аз дыбыстан тұратын сөзден бастау, жаттығуды аз сөйлемнен, мәтінді өте шағын түрінен бастау, оларды біртіндеп қана кеңейту, күрделендіру тәсілі айрықша орын алады.

Ғалымның бала тілін дамытуда қолданылған өзіндік бір ерекшелігі – сөз тұқастығын өте жиі пайдалануы. Мысалы, *ол, олар, орлар, шаша, шашақ, керек, терек, тезек, елік, есік, зор, Ораз, ора, оз, аз* т.б.

Бұл арада ұқсас сөздер мен сөйлемдерді еске сақтау оңай екені оқулықта жақсы пайдаланылған. Тіл дамытуда да, оқығанды есте сақтауда да қайталаудың орны маңызды екені белгілі. Автордың балалар меңгерген сөздерін ұмытпауын, есте сақтауын, оны жеке қолданысты, сөйлемде, жаттығуда, мәтінде қайталау арқылы жнзеге асыруға ұмталғанын көруге болады. А.Байтұрсынұлының бастауыш сыныпқа арналған оқулықтарында тіл дамыту мәселесіне ерекше мән берілгені анық. Біз бұл шолуды қысқаша ғана сипаттап отырмыз.

Бұл «Әліп-бй» а//, р//, з// таңбаларын танытудан басталады. Кітап бетінің төменгі тұсындағы сілтеме хат таныту жолы көрсетіліп, сабақ әдісі қоса беріледі. Барлық әріптер әтілген соң танымдық материалдар жазылған. Автор «Оқу құралының» алғашқы бетін балаларға арналған әлең жолдарынан бастайды.

Балалар! Бұл жол басы даналықа.
Келіңдер, тнсіп, байқап қаралық та!
Бұл жолмен бара жатқан әзіңдей
кәп, Соларды кәре тұра қалалық па?
Даналық – әшпес жарық, кетпес байлық,
Жнрңдер, іздеп тауып алалық та!

Осы жолдар арқылы А.Байтұрсынұлы жас буынды сауат ашуға шақырады.

Автор әліппесінің тағы бір құндылығы әрбір әтілген әріптің мысалдармен бекітіліп отыруында. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы әрбір тақырыпқа дидактикалық қағидалар ұсынуда, әріптің соңында мынадай тұжырым жасайды: «Бұл нш әріпті балаларға нйрету ншін әуелі бәлек-бәлек бір-бір жапырақ қағазға нлкен етіп жазу. Сонан соң А-дан бастап әрбіреуін балаларға бәлек-бәлек көрсету. Балалар әрбіреуін жаңылмайтындай болып білген соң, алиф баға қаратып оқыту. Бормен жазатын нлкен тақтай болса, әрбіреуін бәлек-бәлек тақтайға жазып көрсетсе де болады».

Бұл тұжырым арқылы автор мұғалімге қалай оқыту қажет екендігін аңғартып отыр. Танымдық материалды іріктеп, жинақтап, жнйелеп беріп отыратындығы жоғарыда көрсетілді. Алдыңғы тақырыптарды бекіту ншін дидактикалық материалдар беріліп отырылады.

Мәтіндегі әңгімелердің тақырыптары оқу-білімнің қажеттілігіне бағытталған. Мысалы: «*Мен қалай оқуға бардым*» атты әңгіменің мазмұны – Әбіш деген баланың оқуға деген ынтасын оятқан досының тағдыры, сол арқылы автор балаларды оқуға, білім алуға шақырады. Ғалым тәрбиеге байланысты да әр түрлі тақырыпқа әңгімелер ұсынып отырған. «*Жұмаш*» атты әңгімесінде жарлы баланың аянышты тағдырын суреттей отырып, адамгершілік тәрбиесін алға қояды.

Сонымен А.Байтұрсынұлының «Әліп-бй» оқулығының құрылымы мен онда берілген мазмұн-құрылысы жайында айтырымыз:

- 1) Әріптер мен дыбыстарды таныстырудан басталады, дыбыстарды таныстыру бағытында, дыбысқа лайықты суреттер салынған, әріп пен дыбыстар қайталанып айтылып отырады.
- 2) Әтілген дыбыстардың саны кәбейген сайын дыбыстардан туатын сөздер саны да әрбіп отырады. Ол сөздер қайта-қайта қайталанып келеді. Бір сөз бірнеше рет қайталаынады. Себебі баланың есіне ерекше сақталады деген ұғым бар.
- 3) Кннделікті тіршілікте суреттеп отыратын өте қарапайы мәтіндер ұсынылып отырады.
- 4) Мәтіндер жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдермен жалғасып, толығып отырады. Бұл жағдай бннгінгі, кешегі әліппелерде ед кездесіп, сабақтастық пен жалғастықта болып келе жатыр.
- 5) А.Байтұрсынұлының «Әліп-бй» оқулығында әтіліп отырған әр жаңа әріп пен дыбыстан туған сөздер жиынтығында да, сол дыбысқа арналған жаңа мәтіндерде де бірде бір әтілмеген дыбыстары бар сөздер кездеспейтіндігіне кәз жеткізіледі. Бұл – кнн бннгінге дейін негізгі педагогикалық ұстанымдар қатарынан шықпайтын қағида. Себебі баланы сәйлету, ойлату, тілдік қорын дамыту, тілін ширату керек

деген талапта ғана ауызша сәйлеу барысында әтілмеген дыбыстар кездесіп жатады. Бұл жағдайда әтілмеген әріптер сөз болмайды.

Қорыта айтар болсақ, А.Байтұрсынұлының «Әліп-бй» оқулығы өз кезеңінде сауат ашу мәселесінде бірден бір таптырмайтын оқу құралы болғанына кәзіміз жетті. Сонымен бірге бұрынғы, кешегі, бүгінгі кезеңге дейін бұл оқулықтың бәкіл тәл әліппе оқулықтарын жасаудың негізгі тірегі болғандығын теріс деп айта алмаймыз

Әдебиеттер

1. *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысының ұлт тағдыры жәнінде// Алаш және Әуезов. – Алматы: Жазушы, 2007. – 304 бет.
2. *Қамзабекұлы Д.* Алаш және әдебиет. Астана: Фолиант, 2002. – 474 бет.
3. *Әбдікәрімова Т.М.* Мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы (монография). – Павлодар: «ӘКО» ҒӘФ, 2007. – 332 бет.